

«КЕЛІСЕМІН»

Директордың ҒӘЖ
бойынша орынбасары
Баймағанбетова Р.К.

Р.К. Баймағанбетова



«БЕКІТЕМІН»

№ 2 МЛ директоры
Р.Б. Байболова

Р.Б. Байболова

**Қазақ тілі мен әдебиеті (қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын
сыныптарда) пәндеріне арналған онкүндік жоспары
2025-2026 оқу жылы**

Өткізу мерзімі: 10-21 қараша 2025 жыл

Тақырыбы: «Тілім менің – ұлт айнасы, заманмен бірге дамимын!»

Мақсаты: Қазақ тілінің мәртебесін арттыру, жас ұрпақты адалдыққа, адамгершілікке, жаңашылдыққа және инклюзивті қоғам құндылықтарына тәрбиелеу.

№	Іс шараның атауы, тақырыбы	Күні	Жауаптылар
1	Апталықтың ашылу салтанаты	10.11.25 ж.	Турсунбаева М.Д. Бегалина Ж.Д. Жуманова А.К. Мырзагелді Т.Ж.
2	Сынып сағаты: «Адалдық пен жауапкершілік -тұлға негізі»	10.11.25 ж.	Сынып жетекшілер
3	Ашық сабақ: «Жануарлардың мінез-құлықтары» 5 «В» сыныбы (қала көлемінде)	11.11.25 ж.	Абиев А.Ж.
4	« Менің тілім – менің брендім» стартап- жәрмеңке	11.11.25 ж.	Курманаева А.Ж. Райхан А.А. Мырзагелді Т.Ж. Хабибулова Н.Б. Мухатова А.Б. Қаирбекова З.Қ.
5	А.Құнанбайұлының 180-жылдығына орай «Абай әлемі- ақылдың кені» атты қалалық сайысы	11.11.25 ж.	Дильдабаева Э.А.
6	А.Құнанбайұлының 180-жылдығына орай «Төрімізде - Ұлы Абай» атты қалалық сайысы	15.11.25 ж.	Курманова К.Н.
7	«Қазақ тілін оқытуда ЖИ қалай пайдалануға болады?» семинар сабақ	17.11.25 ж.	Информатика пәнінің мұғалімдері Искендир Г.А. Бекенова А.Б.
8	А.Құнанбайұлының 180-жылдығына орай «Абай сөзі- халық қазынасы» атты поэзия сағаты	21.11.25 ж.	Тасмағамбетова К.С. Жаркинбаева Ж.К. Баршан Б. Бекбулатова Ж.К.

Орындаған: қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің ӘБ жетекшісі Оспанова Д.Д.

Көкшетау қаласының №2 мектеп-лицейінде 2025 жылдың 10 – 21 қараша аралығында «Тілім менің -ұлт айнасы, заманмен бірге дамимын» тақырыбында өткен онкүндік барысында ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша есеп.

«Тілім менің - ұлт айнасы, заманмен бірге дамимын» тақырыбында өткен қазақ тілі мен әдебиеті пәні онкүндігі ашылу салтанатынан басталды.

Мақсаты: Қазақ тілінің мәртебесін арттыру, жас ұрпақты адалдыққа, адамгершілікке, жаңашылдыққа және инклюзивті қоғам құндылықтарына тәрбиелеу.

Апталықтың ашылу салтанатында оқушылар домбырада қазақтың күйлерін орындап, атақты ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқыды. 8 - сынып оқушылары қазақша амандасу рәсімін жасап, бауырсақ үлестірді. Ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен «Көңілді үзіліс» атты танымдық ойын өткізілді. Ойынның мақсаты: өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйрету, ұлттық құндылықтарды насихаттау, оқушылардың сөздік қорын байытып, тіл мәдениетін арттыру. Ойын барысында қатысушылар мақал-мәтелдер, ұлттық ұғымдар мен тілдік тапсырмалар арқылы өз білімдерін көрсетті. Оқушылар белсенділік танытып, топтық жұмыс кезінде бір-біріне қолдау көрсетті. Ұстаздар тарапынан әділ бағалау мен мадақтау сөздер айтылып, оқушылардың қызығушылығын одан әрі арттырды. Апталықтың жұмыс жоспарымен қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Оспанова Дария Дулановна таныстырды. Оқушыларды өткізілетін іс-шараларға белсене қатысуға шақырды. Апталықтың ашылуын ұйымдастырушылар: Бегалина Ж.Д., Жуманова А.К., Мырзагелді Т.Ж., Турсунбаева М.Д.



11 қараша күні Көкшетау қаласының № 2 мектеп – лицейі, № 1 мектеп-гимназиясы, №11 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері бірлесіп, Көкшетау қаласының № 2 мектеп – лицейінде «Жасанды интеллект пен шығармашылық – тіл мен әдебиетті оқытудың жаңа қыры» тақырыбында қалалық өзара тәжірибе алмасу алаңы өткізілді.

Мақсаты: Мұғалімдердің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына жасанды интеллект пен шығармашылық тәсілдерді ұштастыра отырып, оқыту сапасын арттыруға бағытталған тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастыру. Заманауи цифрлық құралдар мен тиімді әдіс- тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлау, тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын көрсету. Қала мектептерінен 25 мұғалім қатысты. Іс-шара барысында №11 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қуаныш М.Е. «Білім берудегі жасанды интеллекттің рөлі» тақырыбында баяндама оқыды. Мақсаты: Жасанды интеллекттің білім беру процесінде рөлі, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында ЖИ сервистерін тиімді пайдалану жолдары, әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алу қажеттігі. Абиев Айбек Жұмабекұлы, №2 мектеп -лицейінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі 5 В сынып оқушыларымен «Жануарлардың мінез-құлықтары» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жасанды интеллектті тиімді қолдану жолдарын көрсету. Козбакова Айгерим Орынбаевна, Искакова Майра Исполловна №1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері «Сабақты талдау және талқылау-кәсіби өсуі мен тиімді оқытудың кілті» тренингін өткізді. Мақсаты: Мұғалімдердің сабақ барысын сын тұрғысынан талдау дағдысын қалыптастыру; сабақ сапасын жақсарту жолдарын бірлесіп анықтау; талқылау арқылы тиімді әдіс-тәсілдерді бөлісу және тәжірибе тарату. Талқылау барысында мұғалімдер белсенділік танытып, сындарлы кері байланысын ұсынды.





11 қараша күні №2 мектеп-лицейінде "Менің тілім-менің брендім" атты стартап- жәрмеңке өтті. Аталмыш стартап- жәрмеңкенің басты мақсаты: ұлттық брендік бұйымдар арқылы оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылықтарын арттыру және алаш қайраткерлерінің шығармашылығын насихаттау. Жәрмеңке барысында №2 мектеп-лицейінің 9 "Б" сынып оқушылары модератор болып, білім алушыларға брендік бұйымдарда бейнеленген нышандардың мағыналарын таныстырды. Оқушылар брендік бұйымдарға асқан қызығушылық танытып, пәнге деген қызығушылықтарын арттырды.



Жауаптылар: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Курманаева А.Ж., Райхан А.А., Мухатова А.Б., Қайырбекова З.Қ.

Модераторлар: 9 "Б" сынып оқушылары Арнаш Аяна, Мұса Асылхан, Темирбулатова Асия.

11 қараша күні А. Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Абай әлемі-ақылдың кені» атты қалалық сайысына 10 «А» сынып оқушысы Бауыржан Ақбота қатысып, 3- орынды иеленді, жетекшісі Дильдабаева Э.А.



15 қараша күні А.Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Төрімізде Ұлы Абай» атты қалалық сайысына 10 «Б» сынып оқушысы Қайырлы Назерке қатысып, 2- орынды иеленді, жетекшісі Курманова К.Н.



Онкүндік аясында орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Косс Ольга Павловна өзге ұлт өкілдері педагогтерінің арасында өткен "Қазақшаңыз қалай, әріптес?" және "Қазақша QUIZ" қалалық байқаулардың жеңімпазы атанды.



Онкүндік аясында мектеп оқушылары мен мұғалімдері жоспарланған барлық мектепшілік және қалалық іс-шараларға қатысуда белсенділік танытты.

ӘБ жетекшісі Оспанова Д.Д.